



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығымен (IRCICA) бірлесе отырып, 2025 жылдың 9-10 қазан күндері Алматы қаласында **«Қазақстан мәдениеті және Ислам дінінің қолжазбалық мұрасы: Алтын Орда мен Мысыр мәмлүктері коллекциялары мысалында»** атты III Халықаралық семинар өткізуде жоспарлауда. Халықаралық семинар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылатын «Сандық кеңістіктегі ислам (қазіргі Қазақстан мысалында)» (ИРН «AP19680228») ғылыми гранттық жоба аясында жүзеге асырылады.

Өтетін орны: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 73, Нұр-Мұбарак Мысыр ислам мәдениеті университеті.

Семинардың жұмыс тілдері: қазақ, араб, ағылшын және түрік тілі.

Форматы: офлайн және онлайн.

Семинарға Мысыр, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Ресей, Түркия және басқа елдердің ғалымдары, зерттеушілері мен сарапшылары шақырылады деп күтілуде.

Семинардың мақсаты:

XIII-XVI ғасырларда Қазақстан мен Таяу Шығыс елдері арасындағы мәдени байланыстардың ғылым мен өнер салаларындағы бағыттарын зерттеу, Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерінің мұрағат қорларындағы жаңа жазба және тарихи дереккөздер негізінде ғылыми зерттеулер жүргізудің практикалық мәселелерін талқылау.

Семинардың міндеттері:

- Мәдени мұраны зерттеудегі халықаралық тәжірибені зерделеу;
- Тәжірибе алмасу;
- Жарияланбаған дереккөздерді каталогтау және цифрландыру мәселелерін талқылау, шешім жолдарын қарастыру;
- Жаңа дереккөздерді талдаудың әдістемелік тәсілдерін әзірлеу және енгізу;

- Әртүрлі ғылыми мектеп өкілдері арасындағы ынтымақтастықтың жаңа формаларын іздеу.

Пленарлық және секциялық отырыстардың тақырыптары:

Пленарлық отырыс:

- Алтын Орда мен Мысыр мәмлүктері дәуіріндегі мәдени және ғылыми өмір

Секциялық отырыстар:

- Алтын Орда мен ортағасырлық Қазақстанның мәдени өмірін зерттеудегі қолжазбалық мұралар;
- Ислам мәдениеті мен өнері тарихына қатысты Қазақстан қорларындағы қолжазбалар;
- Ортағасырлық Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеудегі Мысыр мәмлүктері құжаттары мен қолжазбаларының маңызы;
- Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекетінің тарихы мен мәдениетіне арналған цифрлық қорларды қалыптастыру және халықаралық әріптестік мәселелері;
- «Алтын Орда мен Мәмлүк мұрасын зерттеуге арналған мысырлық басылымдар» кітап көрмесін өткізу;
- «Мысыр Араб Республикасындағы қорлардан Қазақ даласынан шыққан ғұлама-ғалымдардың еңбектері» экспозициясын ұйымдастыру.

Семинар материалдары электронды жинақ ретінде PDF форматында жарияланады. Талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар қабылданбайды. Мақалалардың мазмұнына авторлар өздері жауапты. Ұйымдастыру комитеті мен редакциялық алқа конференцияға ұсынылған мақалаларды іріктеу және жариялау құқығын өзіне қалдырады.

Семинарға ғылыми мақалалар 2025 жылдың 25 қыркүйегіне дейін қабылданады.

Ғылыми мақалалар gylym@nmu.edu.kz электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

Ғылыми мақала құрылымы:

- Аннотация (150 сөз) – қазақ, ағылшын және мақала тілінде;
- Кілт сөздер: 5-8 сөз;
- Кіріспе: 200-250 сөз;
 - Тақырыпты таңдаудың негіздемесі, мақсат-міндеттері;
 - Зерттеу әдістемесі;
- Негізгі бөлім – зерттеу нәтижелерін талдау;
- Қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Мақала рәсімдеу талаптары:

- Парақ параметрлері: жоғарғы және төменгі – 2 см, сол жақ – 3 см, оң жақ – 1,5 см;
- Қаріп: Times New Roman, 12 pt;
- Жоларалық интервал – 1, абзац – 1 см, мәтінді толық енінен туралау;
- Колонтитулдар мен беттерді нөмірлеуге рұқсат етілмейді;
- Дәйексөздер мен әдебиеттер тізімі АРА 7 стандартына сай рәсімделуі тиіс;
- Файл атауы – бірінші автордың тегі мен инициалдары;
- Мақала көлемі – 10-12 беттен кем болмауы тиіс.

Ескерту: Семинарға қатысушылардың зерттеу мақалалары үш рецензенттің қатаң бағалауынан өтеді. Рецензенттердің оң бағасына ие болған мақалалар ғана конференцияда баяндама жасауға жіберіледі.

Баяндамашылардың мақалалары конференция материалдарының жинағында тегін жарияланады. Конференция материалдары жинағы авторларға электрондық нұсқада беріледі.

Белгіленген мерзімнен кешіктірілген немесе талаптарға сай келмейтін материалдар қарастырылмайды.

Семинарға жауапты:

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің
Ғылым бөлімі

Ислам тарихы, өнері мен мәдениетін зерттеу орталығы (ИРСИКА)

Қосымша ақпарат үшін:

e-mail: gylym@nmu.edu.kz

Семинарға тіркелу үшін төмендегі QR кодты оқытыңыз:

